



БҰЙРЫҚ

2022 ж. 17 наурыз
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ *1-03/9*
город Павлодар

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы – 2022»
қалалық байқауын
дайындау және өткізу туралы**

Білім беру бөлімінің жұмыс жоспарын орындау және мектепке дейінгі мекемелер педагогтерінің кәсібилігі мен мәртебесін арттыру, олардың қызметінің тиімділігін арттыру үшін жағдай жасау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2022 жылғы 2 ақпан мен 10 наурыз аралығында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы – 2022» қалалық байқауы өткізілсін.
2. Байқау туралы ереже, ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасының құрамы бекітілсін (1-8 қосымша).
3. Білім беру бөлімінің әдіскері Н.Қ. Нұрғалиева ұйымдастыру іс-шараларын өткізсін, байқаудың өткізу шарттарын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлім басшысының орынбасары Қ. Т. Қыдралинге жүктелсін.

Бөлім басшысы



С. Айтқазина

С. Айтқазина

Таныстырылды:

Қыдралин

бөлім басшысының орынбасары Қ.Т. Қыдралин

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы - 2022»
қалалық байқауы туралы
ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже меншік түріне, нысанына және ведомстволық бағыныстылығына карамастан мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары арасында **«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы - 2022»** қалалық байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, міндеттерін айқындайды және оны ұйымдастыру мен өткізу тәртібін белгілейді.

Байқаудың мақсаты - шығармашылық жұмыс істейтін, мектепке дейінгі ұйымдардың талантты педагогтарының кәсіби шеберлігін арттыру және қолдау.

Байқаудың негізгі міндеттері:

- дарынды және шығармашылық жұмыс істейтін педагогтарды анықтау;
- мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарының әлеуметтік мәртебесін және олардың еңбек беделін арттыру, үздік тәрбиешілердің және басқа да жетекші мамандарының инновациялық педагогикалық тәжірибесін тарату;
- педагогикалық қызметтің мазмұнын жетілдіру бойынша педагогикалық ұжымдардың қызметін жандандыру және педагогтардың тұлғалық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету;
- заманауи педагогикалық қоғамдастықта педагогтардың шығармашылық өсуі мен өзін-өзі жүзеге асыруының мотивациялық ортасын құру.

Байқау қатысушылары

Байқауға меншік нысанына, бейініне, типіне, оқыту мен тәрбиелеу тіліне карамастан, инновациялық технологияларды оқыту практикасына, авторлық бағдарламаларға, көптілділікке, ерте дамуға, инклюзивтік білім беруді мынадай бағыттарда енгізетін мектепке дейінгі ұйымдардың барлық педагог қызметкерлері қатысады:

- «Педагогикалық дебют» - 0-ден 3 жылға дейін;
- «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» - педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;
- «Мектепке дейінгі білім беру ұйымының маманы» (педагог-психологтарды қоспағанда) - педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Соңғы 5 (бес) жыл ішінде "Жыл тәрбиешісі", "Мектепке дейінгі ұйымның педагогы" конкурстарының жүлдегерлері болып табылатын педагогтердің кандидатуралары қарауға жіберілмейді.

Ұйымдастыру комитеті мен байқаудың қазылар алқасының жұмысы

Байқауды өткізу үшін білім беру бөлімі ұйымдастыру комитетін (2 – қосымша) байқауға қатысушылардың кәсіби қызметін сараптау және бағалау үшін-қазылар алқасы құрылады (3-қосымша).

Ұйымдастыру комитеті байқаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылығын жүзеге асырады және мынаны анықтайды:

- байқаудың қазылар алқасының құрамын;
- байқау материалдарын рәсімдеуге қойылатын талаптарды.

Ұйымдастыру комитеті байқаудың дайындау және өткізу барысында туындаған мәселелерді қарайды, сондай-ақ байқау жеңімпаздарын марапаттауды ұйымдастырады, байқау материалдарын ұсыну нысанын белгілейді, байқаудың қазылар алқасының жұмыс кестесін жасайды, әр кезеңді өткізу тәртібін анықтайды және т.б.

Байқаудың қазылар алқасы:

- келіп түскен материалдарға сараптама жүргізеді;
- кәсіби шеберлік деңгейін бағалайды.

Конкурстық комиссия мүшелері қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды. Конкурстың қорытындысы бойынша бір жеңімпаз анықталады, ол келесі кезеңдерге қатысу үшін жіберіледі.

Байқауды өткізу тәртібі, нысандары мен мерзімдері

Өтінім беру мерзімі - **2022 жылғы 2 ақпанға дейін.**

1 кезең «Педагогикалық портфолио»

Байқаудың 1-ші кезеңіне қатысу үшін материалдар (ақпараттық карта, таңдалған толассыз тақырыпқа сәйкес бір айға арналған перспективалық жоспар және циклограмма, педагогикалық портфолио) **2022 жылғы 10 ақпанға** дейінгі мерзімде ұсынылсын. Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген материалдар қарастырылмайды.

- 1 кезеңнің қорытындысын шығару: **2022 жылғы 14 ақпан.**

2 кезең «Балалармен педагогикалық іс-шара»

Байқаудың 2-ші кезеңіне қатысу үшін материалдар (бейнеролик) **2022 жылғы 25 ақпанға дейінгі** мерзімде ұсынылсын. Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген материалдар қарастырылмайды.

3 кезең «Шығармашылық презентация»

Байқауға қатысушылар өздерінің инновациялық педагогикалық тәжірибелерін ZOOM режиміндегі интернет-платформа арқылы таныстырады (конкурстка қатысушының презентацияны қорғау бейнеролигін қосымша ұсыну).

Бейнеконференцияны өткізу мерзімі: **2022 жылғы 4 наурыз.**

2 кезеңнің қорытындысын шығару: **2022 жылғы 10 наурыз.**

Байқауды ұйымдастыру және өткізу

Байқау қашықтық форматта үш кезеңде өткізіледі.

Байқаудың материалдары казак немесе орыс тілдерінде электрондық портфолиоға ресімделеді.

1-кезең: «Педагогикалық портфолио» (2022 жылғы 2-10 ақпан аралығында)

Міндеті: байқауға қатысушының ұсынылған электрондық материалдарын зерделеу, байқаудың 2-ші кезеңіне қатысу үшін қатысушыларды іріктеу.

Байқаудың 1-ші кезеңіне қатысу үшін мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасына келесі құжаттарды ұсынады:

- 2022 жылғы 2 ақпанға дейін басшының қолы қойылған және мөр басылған өтінім (4-қосымша);
- 2022 жылғы 10 ақпанға дейін конкурсқа қатысушының ақпараттық картасы (5-қосымша);
- 2022 жылғы 10 ақпанға дейін таңдалған толассыз тақырыпқа сәйкес бір айға арналған перспективалық жоспар және циклограммасы;
- 2022 жылғы 10 ақпанға дейін конкурсқа қатысушының электрондық портфолиосы (6-қосымша).

2-кезеңге 1-кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған қатысушылар өтеді.

2-кезең: «Балалармен педагогикалық іс-шара» (2022 жылғы 14-25 ақпан аралығында)

Міндеті: педагогтерге кәсіби шеберліктерін көрсетуге мүмкіндік беру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің жаңартылған мазмұны жағдайында заманауи қашықтықтан білім беру технологиялары мен әдістемелерін пайдалану бойынша бейімделген практиканы анықтау.

Байқауға қатысушылар 2022 жылғы 25 ақпанға дейінгі мерзімде ұйымдастыру комитетінің электрондық мекенжайы мекенжайға жібереді.

- конспектісі бар бір бейнесабак (7-қосымша).

3-кезеңге 2-кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған қатысушылар өтеді.

3 кезең «Шығармашылық презентация» (2022 жылғы 4 наурызында ZOOM интернет-платформасы арқылы қашықтықтан форматта).

Конкурсқа қатысушылар 2022 жылғы 25 ақпанға дейінгі мерзімде ұйымдастыру комитетінің электрондық мекенжайына қосымша жолдайды:

- байқауға қатысушының шығармашылық тұсаукесерін қорғау бейнеролигі.

Міндеті: Конкурсқа қатысушылардың шығармашылық презентациясының берілген тақырыбының әдістемелік және практикалық негізін ашуы. Шығармашылық презентацияда балалармен өткізілетін педагогикалық іс-шарада көрсетілетін ереже (сұрақ, кезең) міндетті түрде көрсетіледі.

Көлемі: 7 слайдтан артық емес. Сөз сөйлеу уақыты 5 минут (8-қосымша).

Байқау қорытындыларын шығару

Байқаудың ақтық қорытындыларын қазылар алқасының мүшелері шығарады.

Бас жүлде, I орын, II орын, III орын.

Номинация: **«Креативті педагог», «Шығармашыл педагог», «Мамандыққа адалдық».**

Байқау тапсырмаларын бағалау нәтижелері бойынша ең көп ұпай жинаған қатысушыға бас жүлде тағайындалады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер құрмет дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі Мұғалімдер күніне арналған қалалық мереке аясында өткізіледі.

Қосымшалар

Байқау ережесіне сәйкес белгіленген мерзімде байқау қатысушыларының материалдары nurgul.nurgalieva.78@mail.ru электрондық поштаға жіберіледі. Байқау қорытындылары бойынша есеп беру үшін ұсынылатын материалдардың көлемі мен түрлерін ұйымдастырушылар айқындайды.

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
2022 жылғы «17» қаңтар №1-03/19 бұйрығына
2 - қосымша

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы - 2022»
қалалық байқауының ұйымдастыру комитеті**

1. Нұрғалиева Нұргүл Қайроллақызы - білім беру бөлімінің әдіскері;
2. Рахымжанова Құндыз Мұратханқызы - білім беру бөлімінің әдіскері.

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
2022 жылғы «17» қаңтар №1-03/19 бұйрығына
3 - қосымша

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы - 2022»
қалалық байқауының қазылар алқасы**

1. Шиндлярская Галина Александровна - әдістемелік кабинеттің меңгерушісі;
2. Қрықбесова Бахыт Қайроллақызы - мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу секторының меңгерушісі;
3. Подобинская Людмила Витальевна – «Өрлеу» БАҰО АҚ аға оқытушысы;
4. Есмагамбетова Айжан Ереновна – Б. Ахметов а. ППК аға оқытушысы;
5. Рахымжанова Құндыз Мұратханқызы - білім беру бөлімінің әдіскері.

**«Үздік мектепке дейінгі ұйым педагогі»
конкурсына қатысушының ақпараттық картасы**

(фото 4×6 см)	_____
	(тегі)

	(аты, әкесінің аты)
Алған күні	
1. Жұмыс орны	
Жұмыс орны (Жарғыға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның атауы)	
Атқаратын лауазымы	
Жалпы жұмыс және педагогикалық өтілі (қартаны толтыру кезіндегі толық жыл)	
Қазіргі кезде қандай жас топтарында жұмыс істейсіз.	
Біліктілік санаты	
Құрметті атақтары мен марапаттары (атауы және алынған күні)	
Сіз қатысатын номинация	
2. Білімі	
Кәсіптік білім беру ұйымының атауы, бітірген жылы, факультеті	
Диплом бойынша мамандығы, біліктілігі	
Біліктілікті арттыру курстары (соңғы үш жылда)	
Басылымдар (соңғы үш жылда)	
3. Қоғамдық қызмет	
Әдістемелік бірлестік жұмысына қатысу	
Облыстық, халықаралық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу (қатысу мәртебесін көрсете отырып)	
4. Байланыстар	
Ұялы телефон	
Жеке электрондық пошта	
Интернеттегі МДҰ сайтының мекенжайы	

«Педагогикалық портфолио»

(байқау қатысушысының электрондық әдістемелік портфолиосы)

Педагог портфолиосы – жеке папка, онда педагогтың тәрбие-білім беру қызметіндегі жеке кәсіби жетістіктері, оның тәрбиеленушілерінің даму нәтижелері, педагогтың соңғы үш жылдағы білім беру жүйеін дамытуға қосқан үлесі жинақталған.

Портфолио мазмұны:

1. Титул парағы (ұйымды, байқау қатысушының аты-жөнін көрсету);
2. Педагог туралы жалпы мәліметтер (өтінім, парақтың жоғарғы оң жақ бұрышында конкурса қатысушының 10 x 15 см түрлі-түсті фотосуреті орналастырылады);
3. Бөлімдер мен беттер көрсетілген мазмұны.

1 бөлім. Педагог туралы жалпы мәліметтер (барлық құжаттар сапалы электрондық скан-нұсқада ұсынылады).

Жеке куәлік, білімі туралы диплом, біліктілікті арттыру курстары, куәлік, біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық.

2 бөлім. Педагогтың соңғы 3 жылдағы жетістіктері (оқу жылдары, деңгейлері бойынша).

Педагогтың жеке жетістіктерін растайтын барлық сертификатталған құжаттар: грамоталар, дипломдар, байқауларға, олимпиадаларға қатысқаны үшін сертификаттар, алғыс хаттар, әріптестерінің, ата-аналарының пікірлері және т.б. жетістіктер оқу жылын, жетістік деңгейін көрсете отырып, «титулдық парақтармен» аражігін ажырату.

3 бөлім. Өздігінен білім алу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік қызмет.

Мұғалімнің кәсібилігін куәландыратын әдістемелік материалдар. Авторлық бағдарламалар мен дидактикалық оқу құралдарына шолулардың көшірмелері.

Әдістемелік материалдарды ұсыну бойынша жұмыс нәтижелері: өз бетінше білім алу, тәжірибені жинақтау, сөз сөйлеу, конференцияларға, «дөңгелек үстелдерге», семинарларға, мастер-класстарға, оқу орнының, қаланың, ауданның әдістемелік бірлестіктеріне қатысу, эксперименттік жұмысқа, кәсіби байқауларға қатысу, озық тәжірибені тарату (ашық сабақтар, оларды талдау, семинарларға, конференцияларға сөз сөйлеу материалдары, семинарлардың бағдарламалары, қалалық (аудандық) семинарлардағы баяндама мәтіндері, ӘБ, педагогикалық қызметті көрсететін фотосуреттер, презентациялар).

4 бөлім. Педагогикалық қызмет нәтижелері: бағдарламаны игеру деңгейі-диагностика нәтижелері, тәрбиеленушілердің жетістіктері-байқауларға, көрмелерге қатысу нәтижелері және т. б. (*бағалау өлшем шарттарын көрсете отырып, пайыздық арақатынаста мониторинг*).

5 бөлім. БАҚ-тағы жарияланымдар (*барлық деңгейдегі педагогикалық газеттер, журналдар: мақала жариялағаны үшін титулдық бет, мақала, грамоталар, сертификаттар және т. б.; педагогикалық қоғамдастықтар порталдарындағы жарияланымдар, интернет - бетке сілтемелер*)

6 бөлім. Педагогтың қоғамдық қызметі (*МДҰ-да және аудан, қала, облыс деңгейінде*), мерекелерде сөз сөйлеу, комиссияларға, сараптамалық топтарға, қазылар алқасына қатысу; МДҰ-ның спорттық, мәдени іс-шараларына жеке қатысу және т. б.

Ескертулер:

- конкурсанттардың жетістіктері мен жарияланымдары, соңғы ҚР БҒМ № 514 бұйрығына сәйкес 3 жыл.

Портфолионы бағалау критерийлері

1. Балалармен, ата-аналармен, педагогтармен іс-шаралар өткізу.
2. Педагогтің кәсіби белсенділігі: ӘБ басшылығы, шығармашылық топ жұмысына қатысу, ұйымдастыру комитеттеріне, байқаулардың қазылар алқасына қатысу.
3. Педагогтің білім беруді басқару органдарының қолдауымен ұйымдастырылатын кәсіби байқауларға қатысуы.
4. Инновациялық қызметке қатысу (*сертификаттармен, дипломдармен растау*).
5. Педагогикалық тәжірибені жинақтау бойынша жұмыс (*әр түрлі деңгейдегі жалпылау*).
6. Тәрбиеленушілердің түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысуының нәтижелілігі.
7. Педагог қызметкердің үш жыл ішіндегі инновациялық тәжірибесінің жарияланымдарының болуы: ғылыми-практикалық конференциялардағы, семинарлардағы баяндамалар, баспасөздегі, желілік қоғамдастықтағы мақалалар және т.б. (*титулдық парақтардың көшірмелерімен және интернет-парақшаға сілтемелермен баспа басылымдарының мазмұнымен расталады*).
8. Марапаттаудың болуы (3 жыл ішіндегі наградалар, грамоталар, атақтар, дипломдар).

**«Балалармен педагогикалық іс-шара»
(бейнесабак)**

Балалармен өткізілген педагогикалық іс-шара шығармашылық презентацияда ұсынылған Конкурса қатысушының практикалық тәжірибесінен үзінді көрсетеді. Білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша практикалық тәжірибе балалармен жұмыс жүргізудің түрлі нысандарымен ұсынылуы мүмкін.

Конкурса қатысушы іс-шараның білім беру саласын, оны өткізу түрін, балалардың жасын көрсетеді, балалармен педагогикалық іс-шараны өткізу жоспары қоса беріледі, онда мақсаты, негізгі міндеттері, іс-шара мазмұнының үлгісі; іс-шараның жоспарланған нәтижесі және өзін-өзі талдау (электрондық нұсқа) жазылады. Жоспар мәтінінің көлемі-А4 2бетке дейін.

Сабакка қойылатын жалпы талаптар:

- ғылым мен практиканың жаңа жетістіктерін пайдалану;
- барлық дидактикалық принциптердің оңтайлы арақатынасын іске асыру;
- танымдық әрекетті дамыту үшін заттық-көнедік орта жағдайларын қамтамасыз ету;

- балалардың әрекетін ұйымдастыруда санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау;

- кіріктірілген байланыстарды орнату (әртүрлі әрекет түрлерінің, мазмұнның өзара байланысы);

- сабақты құру логикасы, бірыңғай мазмұн желісі.

Ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізу техникасына қойылатын талаптар:

- ҰОҚ шығармашылық презентация тақырыбына сәйкес келуі тиіс;
- сабақтың қарқыны мен ырғағы оңтайлы болуы керек, педагог пен балалардың іс-әрекеттері аяқталуы тиіс;

- сабақта педагог пен тәрбиеленушілердің өзара әрекетінде толық байланыс қажет, педагогикалық әдептілік пен педагогикалық оптимизм сақталуы тиіс;

- мүмкіндігінше балалардың іс-әрекетін өзгерту керек, оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін оңтайлы түрде біріктіру керек;

- педагог әр баланың білім беру қызметіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуі керек.

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

Өңдеу бағдарламалары: Movavi Video Suite; Shortcut; VideoPad; OpenShot.

- HD-ден төмен емес (1280 x 720)
- Формат*. mp4
- Бейнематериалдың хронометражы 5-тен 10 минутка дейін.

Бағалау критерийлері:

- әдістемелік құзыреттілік: нысанның, мазмұнның, әдістер мен тәсілдердің балалардың жасына сәйкестігі (max 5 балл);
- ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың қызығушылығын сақтай білу (max 5 балл);
- таңдалған мазмұнмен және әрекет түрімен балалар тобын қызықтыра білу (max 5 балл);
- топтағы балалардың өзара іс-әрекетін/ынтымақтастығын ұйымдастыру (max 5 балл);
- балалардың іс-әрекеттегі белсенділігі мен бастамасын есепке алу және қолдау (max 5 балл);
- жалпы мәдениет, қарым-қатынас мәдениеті (max 5 балл);
- педагогикалық іс-шара мен шығармашылық презентацияның сәйкестігі (max 2 балл);
- педагогтің шығармашылық қабілеттері (max 5 балл).

Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар:

Өз жұмысын жіберген қатысушы автоматты түрде тегін пайдалануға, көпшілікке таратуға, Интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосылуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге сөзсіз құқықтар береді. Жіберілген бейнематериал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Материалды ұсына отырып, қатысушы өз келісімін береді:

- өзінің дербес деректерін (*Тегі, Аты, әкесінің аты, электрондық пошта мекенжайы, сурет (фотосуреттер) және өзге де дербес деректерді*) пайдалануға және өңдеуге;
- сайтқа, сондай-ақ баспа басылымдарында, радио-және теледидардык хабарларда, интернет-БАҚ-та және You Tube, Facebook-ті қоса алғанда (шектеусіз) ақпаратты жаппай таратудың өзге де құралдарында өз атын, тегін, әкесінің атын және бейнесін (фотосуреттерін) орналастыруға.

«Шығармашылық презентация»
(жобаны қорғау/БПҰ)

Мазмұн құрылымы:

- білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара ынтымақтастық кезінде қалыптасқан жеке кәсіби педагогикалық тәжірибе;
- қатысушы қолданатын білім беру бағдарламасын (бағдарламаларын) іске асырудың мақсаттары мен міндеттері;
- мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дамуын қамтамасыз ететін қолданылатын технологиялардың, жұмыс әдістері мен тәсілдерінің нақты сипаттамасы;
- жеке кәсіби құзыреттілігі мен мүмкіндіктерін, тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын дамытудың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ететін жетістіктерін талдауы;
- конкурста қатысушының мектепке дейінгі ұйымда заттық-кеңістіктік дамытушы білім беру ортасын ұйымдастыруға қосқан үлесі.

Бағалау критерийлері:

- ұсынылған жұмыстың өзектілігі (мақ 5 балл);
- ұсынылған жұмыстың практикалық маңыздылығы (мақ 5 балл);
- ұсынылған тәжірибенің жаңалығы (мақ 5 балл);
- ұсынылған жұмысты құрудың қисындылығы (мақ 2 балл);
- ұсынылған тақырыпқа мазмұнының сәйкестігі (мақ 2 балл);
- материалды ұсыну ерекшелігі (мақ 2 балл);
- жалпы мәдениет (қарым-қатынас, сөйлеу мәдениеті) (мақ 2 балл).